

**«2018-2020 жылдарға арналған
Байғанин аудандық бюджетін
бекіту туралы» 2017 жылғы
12 желтоқсандағы № 110
аудандық мәслихаттың шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 109-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №110 «2018-2020 жылдарға арналған Байғанин ауданының бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5786 санымен тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 1 тармақта:

2) тармақшасында
шығындар

«5 430 135» деген сандар «5 785 880,9» деген сандармен ауыстырылсын;

5) тармақшасында
бюджет тапшылығы (профициті)

«- 48 690» деген сандар «-404 423,9» деген сандармен ауыстырылсын;

6) тармақшасында
бюджет тапшылығын қаржыландыру
(профицитін пайдалану)

«48 690» деген сандар «404 423,9» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі 1 қосымшаға сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

3. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.